Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі
«Қазгидромет» Республикалық мемлекеттік мекемесі
Экологиялық мониторинг департаменті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРШАҒАН ОРТА ЖАЙ-КҮЙІ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ БЮЛЛЕТЕНЬ

2026 жыл сәуір

Астана, 2026 ж

МАЗМҰНЫ

	Алғы сөз	3
1	Атмосфералық ауаның сапасы мониторингі	4
1.1	Атмосфералық ауаның сапасын бағалау	4
2	Жер үсті сулары сапасы мониторингі	5
2.1	Жер үсті сулары сапасын бағалау	5
3	Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы	9
4	Аумақтағы топырақ жамылғысы сапасының жай-күйі	10
5	Атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-фоны	10
6	Жоғары және экстремалды жоғары ластану жағдайлары туралы мәліметтер*	12
	Қосымша 1	14
	Қосымша 2	15
	Қосымша 3	15
	Қосымша 4	16
	Қосымша 5	18
	Қосымша 6	18

Алғы сөз

Ақпараттық бюллетень Қазақстан Республикасының аумағында қоршаған ортаның жай-күйі туралы мемлекеттік органдар мен халықты ақпараттандыруға арналған

«Гидрометеорологиялық және экологиялық мониторингті дамыту» 039 бюджеттік бағдарламасының «Қоршаған орта жай-күйіне бақылау жүргізу» 100 ішкі бағдарламасы шеңберінде құрылады.

Бюллетень ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бақылау желісіне қоршаған орта жай-күйіне мониторинг жүргізу жөнінде «Қазгидромет» РМК арнайы бөлімшелерімен орындалатын жұмыс нәтижелері бойынша дайындалған.

Қалалар мен облыстар бөлінісінде ҚР Қоршаған орта объектілері сапасының жай- күйіне мониторинг жүргізу нәтижелері «Қазгидромет» РМК www.kazhydromet.kz ресми сайтында Қазақстан Республикасы өңірлердің қоршаған орта жай-күйі жөніндегі ақпараттық бюллетендерінде орналастырылған.

2019 жылдан бастап жеке желілерді ұйымдастырушылар ҚР ЭТРМ келісімі бойынша жеке автоматты станциялар/датчиктердің көмегімен Қазақстанның атмосфералық ауасының сапасын өлшеуді жүзеге асырады және мониторинг нәтижелері AirKz мобильді қосымшасына және «Қазгидромет» РМК интерактивті картасында көрсетіледі.

Қазіргі уақытта «Қазгидромет» РМК жоғарыда көрсетілген ақпараттық желісіне Қазақстанның жеке желілерінің 14 станциясының/өлшеу датчиктерінің деректері интеграцияланған.

1. Атмосфералық ауаның сапасы мониторингі

Қазақстан Республикасының аумағындағы атмосфералық ауаның мемлекеттік мониторингі қоршаған ортаның экологиялық мониторингі жүйесі шеңберінде жүзеге асырылды және 174 бақылау бекетінде 70 елді мекенді қамтыды, оның ішінде 45 – қол күшімен сынама алу және 129 – автоматты (1-қосымша).

Атмосфералық ауаны бақылау ластаушы заттардың кең спектрін қамтиды: *РМ-2,5 қалқыма бөлшектер, РМ-10 қалқыма бөлшектер, шаң, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон, формальдегид, фенол, сондай-ақ ауыр металдар (кадмий, мыс, мышьяк, қорғасын, хром, никель, мырыш) және арнайы ластаушы заттар.*

Олардың құрамын бағалау «Қалалық және ауылдық елді мекендердегі атмосфералық ауаға қойылатын гигиеналық нормативтерге» сәйкес жүргізіледі (2-қосымша).

1.1. 2026 жылғы қазандағы атмосфералық ауа сапасын бағалау

Қазақстан Республикасындағы атмосфералық ауаның сапасын бағалауды реттейтін негізгі нормативтік құжат «Қазақстан Республикасының атмосфералық ауасының ластануына мониторингті ұйымдастыру және жүргізу» нұсқаулық-әдістемелік құжаты (15.07.2025 жылғы № 624-Ө Бұйрығы) (3-қосымша) болып табылады.

2026 жылдың қазан айында 70 елді мекеннің ішінен атмосфералық ауаның ластануының төмен деңгейіне 33 елді мекен, көтеріңкі деңгейге – 29 елді мекен, жоғары деңгейге – 8 елді мекен жатқызылды (1-кесте).

Кесте 1

Елді мекендер бойынша ауаның ластануы

Ластану деңгейі	Елді мекендердің атауы
Төмен	**33 елді мекен:** Көкшетау, Қызылорда, Екібастұз, Атбасар, Жаңаөзен, Ақсай, Жаңатас, Қаратау, Кентау, Лисаков, Саран, Степногорск, Шемонаиха, Щучинск, Рудный, Құлсары, Абай, Жітіқара қалалары, Ақсу, Әуезов, Бестөбе, Бурабай, Глубокое, Индерборский, Бейнеу, Састөбе, Төретам, Қордай, Қарабалық, Кенкияк кенттері Ақай, Бөрлі, Мақат, ауылдары
Көтеріңкі	**29 елді мекен:** Астана, Шымкент, Атырау, Өскемен, Тараз, Ақтау, Орал, Түркістан, Қостанай, Павлодар, Семей, Риддер, Жаркент, Талғар, Жезқазған, Талдықорған, Балқаш, Сәтбаев, Арқалық, Арал, Қандыағаш, Ақсу, Шу, Аягөз, Алтай қалалары, Жанбай а., Әйтеке би, Ганюшкино, Шиелі кенттері
Жоғары	**8 елді мекен:** Қарағанды, Алматы, Ақтөбе, Теміртау, Петропавловск, Хромтау қалалары, Шұбаршы кентті, Достық ауылы

Атмосфералық ауадағы негізгі ластаушы заттар – қалқыма бөлшектер (шаң), қалқыма бөлшектер PM-2,5, қалқыма бөлшектер PM-10, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, аммиак, күкіртсутек, фенол.

Есепті кезеңде 2025 жылғы қазанмен салыстырғанда 2026 жылғы қазанда жағдайдың жақсарғаны байқалады: атмосфералық ауаның ластану деңгейі жоғары және өте жоғары елді мекендер саны 12-ден 8-ге дейін қысқарды, бұл ретте ластану деңгейі өте жоғары елді мекендер тіркелмеген (1-сурет).



1-сурет. 2025 және 2026 жылғы қазандағы елді мекендердің саны бойынша атмосфералық ауа мониторингінің нәтижелерін салыстыру

2. Жер үсті су сапасының мониторингі

Жер үсті суларының гидрохимиялық көрсеткіштері бойынша су сапасын бақылау **342** гидрохимиялық тұстамада орналасқан **126** су объектісінде жүргізілген, олар: **83** өзен, **28** көл, **11** су қоймасы, **3** арна және **1** теңіз (4 қосымша).

Жер үсті суларын зерттеу кезінде су сынамаларында су сапасының **60-қа** дейін физикалық және химиялық көрсеткіштері анықталады: *температура, қалқыма заттар, түсі, мөлдірлігі, сутегі көрсеткіші (pH), еріген оттегі, $ОБТ_5$, ОХТ, құрамында тұз бар негізгі иондар, биогенді элементтер, органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар, пестицидтер.*

Гидробиологиялық (токсикологиялық) көрсеткіштер бойынша жер үсті суларының су сапасы мониторингі Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Атырау облыстары аумақтарындағы **24** су объектісінде жүргізілді. Сыналатын объектіге зерттелетін судың жедел уыттылығын анықтау үшін **66** тұстамадағы су сынамалары талданды.

2.1 2026 жылғы қазандағы жер үсті суларының сапасын бағалау

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Жерүсті су объектілеріндегі және

(немесе) олардың учаскелеріндегі су сапасын сыныптаудың бірыңғай жүйесі» (СРИМ 04.06.2025 жылғы № 111-НҚ бұйрығы) (бұдан әрі - Бірыңғай сыныптау) болып табылады.

2 кесте

ҚР су объектілерінің су сапасы Бірыңғай сыныптау бойынша

Су сапасының сыныбы*	**Су пайдалану санаттарының сипаттамасы**	**2026 жылғы қазандағы су объектілері және сапа көрсеткіштері**
1 сынып *(өте жақсы сапа)*	- бұл кластағы жер үсті сулары су пайдаланудың барлық түрлеріне (санаттарына) арналған.	**5** су объектісі *(4 өзен, 1 су қоймасы):* Қаратал, Қара Ертіс, Ақсу Түркістан облысы, Қатта-бүгін өзендері, Астаналық су қоймасы.
3 сынып *(орташа ластанған)*	-суды пайдаланудың осы класындағы суды албырт балықтарын өсіру үшін пайдалану қажет емес, ал оларды ауыз су-шаруашылық мақсатында пайдалану үшін тазартудың неғұрлым тиімді әдістері қажет. Суды пайдаланудың барлық басқа санаттары үшін (рекреация, суару, өнеркәсіп) осы кластың түрлері шектеусіз жарамды.	**51** су объектісі *(43 өзен, 3 арна және 5 су қоймасы):* Жабай *(ОХТ, магний, мыс)*, Шағалалы *(магний, мыс, қалқыма заттар)*, Шу *($ОБТ_5$, ОХТ, сульфаттар, магний)*, Тоқташ ($ОБТ_5$, *ОХТ, сульфаттар, магний*), Шерубайнұра *(сульфаттар, магний, жалпы темір, марганец, мыс),* Торғай *(магний, сульфаттар)*, Ембі *(ОХТ, сульфаттар, магний, аммоний-ионы, мыс)*, Жайық *(магний, мұнай өнімдері, ОХТ, ОБТ5, жалпы темір)*, Шаған (*ОБТ5, магний, жалпы темір*), Деркөл *(магний, ОБТ5, фосфаттар, жалпы темір)*, Елек Батыс Қазақстан облысы *(магний, ОБТ5, жалпы темір)*, Шыңғырлау (*ОБТ5, жалпы темір, магний*), Сарыөзен *(магний, жалпы темір, ОБТ5)*, Қараөзен *(магний, жалпы темір, ОБТ5)*, Кіші Алматы *(жалпы темір, аммоний-ионы, мыс)*, Есентай *(жалпы темір, аммоний-ионы, мыс)*, Үлкен Алматы *(жалпы темір)*, Іле *(магний, мыс)*, Шілік *(жалпы темір, мыс)*, Шарын *(жалпы темір, аммоний-ионы, мыс)*, Текес *(жалпы темір, аммоний-ионы, мыс)*, Қорғас *(жалпы темір, мыс)*, Баянкөл *(жалпы темір, мыс)*, Есік *(жалпы фосфор)*, Қаскелен *(жалпы темір, мыс)*, Түрген *(магний, сульфаттар)*, Талғар *(жалпы темір, мыс)*, Темірлік *(мыс)*, Лепсі *(жалпы фосфор, жалпы темір, мыс)*, Ақсу Алматы облысы *(жалпы темір, мыс)*, Қиғаш *(ОБТ5, магний)*, Перетаска тармағы *(ОБТ5, ОХТ,*

		магний), Яик тармағы *(ОБТ5, ОХТ, магний, мұнай өнімдері)*, Шаронова тармағы *(ОБТ5, ОХТ, магний)*, Ертіс *(мыс, марганец)*, Оба *(мыс)*, Еміл *(магний, сульфаттар, фторидтер)*, Аягөз *(магний, сульфаттар, мыс)*, Үржар *(мыс)*, Сырдария *(сульфаттар, магний, мыс, жалпы темір)*, Усолка *(мыс)*, Бадам *(сульфаттар)*, Арыс *(сульфаттар) өзендері*; Тасөткел (*ОБТ5, ОХТ, сульфаттар, магний*), Кеңгір *(сульфаттар, магний, жалпы темір, марганец, мыс, СБАЗ)*, Жоғарғы Тобыл *(сульфаттар, магний)*, Қапшағай *(сульфаттар, мыс)*, Шардара *(сульфаттар) су қоймасы*; Нұра-Есіл *(магний, мыс, ОХТ), Қ.* Сәтбаев атындағы *(ОХТ, магний, жалпы темір, марганец, мыс),* Көшім *(магний, ОБТ5) арналары.*
4 сынып *(ластанған)*	-суды пайдаланудың осы класындағы сулар гидроэнергетика, тау-кен өндірісі, гидротранспортты қоса алғанда, суару және өнеркәсіптік су пайдалану үшін ғана жарамды. Суды пайдаланудың осы класындағы суды ауыз су-шаруашылық мақсатына пайдалану үшін су қабылдағыштардағы суды қарқынды (терең) дайындау қажет.	**22** су обектісі *(19 өзен және 3 су қоймасы):* Ақбұлақ *(мырыш)*, Аса *(ОХТ)*, Ақсу Жамбыл облысы *(ОХТ)*, Қарабалта *(ОХТ)*, Әйет *(минерализация)*, Тоғызақ *(магний)*, Желқуар *(минерализация, құрғақ қалдық)*, Елек Ақтөбе облысы *(аммоний-ионы, фенолдар, қалқыма заттар)*, Қарғалы *(фенолдар, қалқыма заттар)*, Темір *(фенолдар)*, Ор *(аммоний-ионы, фенолдар, қалқыма заттар)*, Ақтасты *(фенолдар, қалқыма заттар)*, Қосестек *(фенолдар, қалқыма заттар, аммоний-ионы)*, Ойыл *(аммоний-ионы, фенолдар)*, Үлкен Қобда *(аммоний-ионы, фенолдар, қалқыма заттар)*, Қара Қобда (*аммоний-ионы, фенолдар)*, Ырғыз *(аммоний-ионы, фенолдар)*, Қарқара *(аммоний-ионы)*, Бұқтырма *(мырыш) өзендері;* Қаратомар *(жалпы темір)*, Аманкелды *(ОБТ5)*, Сергеевское *(фенолдар, ОБТ5) су қоймалары*.
5 сынып *(өте ластанған)*	-бұл кластағы суларды тек өнеркәсіптік суды пайдалану және суару мақсаттары үшін тұндыру карталарында	**8** су объектісі *(7 өзен, 1 су қоймасы):* Есіл *(қалқыма заттар, фенолдар),* Беттібұлақ *(қалқыма заттар),* Талас *(қалқыма заттар),* Нұра Қарағанды облысы *(қалқыма*

	тұндыру әдістерін қолдану кезінде пайдалануға болады.	*заттар),* Қара Кеңгір *(минерализация, құрғақ қалдық),* Үй *(қалқыма заттар);* Самарқан *(қалқыма заттар) су қоймасы*.
6 сынып *(жоғары ластанған)*	-бұл кластағы суларды тек гидроэнергетика, су көлігі мақсаттары үшін, су сапасының стандарттарын сақтауды қажет етпейтін пайдалы қазбаларды өндіру процестерінде пайдалануға болады. Басқа мақсаттар үшін суды пайдаланудың осы класындағы су ұсынылмайды.	**15** су объектісі *(14 өзен, 1 су қоймасы):* Сарыбұлақ *(қалқыма заттар, құрғақ қалдық)*, Нұра Ақмола облысы *(жалпы темір, қалқыма заттар)*, Сілеті *(қалқыма заттар)*, Ақсу Ақмола облысы *(хлоридтер)*, Қылшықты *(хлоридтер, минерализация)*, Соқыр *(қалқыма заттар, аммоний-ионы, жалпы фосфор, фосфаттар)*, Тобыл *(хлоридтер, құрғақ қалдық)*, Обаған *(минерализация, құрғақ қалдық, магний, хлоридтер)*, Келес *(қалқыма заттар),* Брекса *(мырыш)*, Тихая *(мырыш)*, Үлбі *(мырыш)*, Глубочанка *(мырыш)*, Красноярка *(мырыш) өзендері*; Шортанды *(хлоридтер) су қоймасы*.


2-кестеде ҚР жер үсті су объектілерін сапа сыныптары бойынша мониторинг нәтижелері бойынша бөлу 2026 жылғы қазан көрсетілген.

Есепті кезеңде жер үсті су объектілерінің саны ең көп **3** сыныбына жатқызылады және су объектілердің **51** құрайды. Нысандардың едәуір бөлігі **4** сыныпта – **22** құрайды.

Жер үсті су объектілерінің ең аз саны **1 сыныпқа** тіркеліп, олардың саны сәйкесінше **5** су объектісін құрайды.

Жалпы алғанда, жер үсті су объектілерінің сапа кластары бойынша таралуы есепті кезеңдегі су сапасының **тұрақты** жай-күйін сипаттайды.

ҚР жер үсті су объектілеріндегі негізгі ластаушы заттар тұз құрамындағы басты иондар (магний, хлоридтер минерализация, сульфаттар, құрғақ қалдық), биогенді және органикалық қосылыстар (аммоний-ионы, фосфаттар, жалпы фосфор, жалпы темір), ауыр металдар, бейорганикалық заттар (марганец, мырыш, мыс), қалқыма заттар, ОХТ, $ОБТ_5$, фенолдар болып табылады.




2 сурет. 2025 және 2026 жылғы қазандағы ҚР жер үсті сулары сапасының нәтижелерін салыстыру.

Осылайша, есепті кезеңдегі жер үсті су объектілері мониторингінің нәтижелері алдыңғы кезеңмен салыстырғанда сапа кластары бойынша **айтарлықтай өзгеріссіз тұрақты** ретінде сипаттайды (2-сурет).

3. 2026 жылғы қазандағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамын бақылау 47 метеостанцияда (МС) жүргізілді.



3-сурет. ҚР бойынша жауын-шашынның орташа иондық құрамы, %.


3-суреттен көрініп тұрғандай, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша сульфаттар 16 %, хлоридтер 10,9 %, нитраттар 2,9 %, гидрокарбонаттар 32,1 %, аммоний 1,2 %, натрий иондары 9,3 %, калий иондары 4,3 %, магний иондары 4,4 %, кальций иондары 17,9 % жауын-шашында басым болды.

4. Жер жамылғысының сапа жағдайы

Топырақтың ластану жағдайына бақылау республиканың 17 облысының 101 елді мекенінде және Астана, Алматы, Шымкент қалаларында жүргізілді. Топырақ сынамалары елді мекендердің бес нүктесінен алынды.

Жер жамылғысының сапасын бақылау ластаушы заттардың спектрін қамтиды: *ауыр металдар (кадмий, мыс, қорғасын, марганец, мышьяк, хром, мырыш) және мұнай өнімдері.*

Жер жамылғысының сапасын мониторингінің егжей-тегжейлі нәтижелері облыстар бойынша қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпараттық бюллетеньде орналастырылған.




Сурет.4. Қорғасын бойынша ШЖШ нормасынан асатын шоғырлары.

Қазақстан Республикасының аумағында топырақ жамылғысында ШЖШ нормасынан асатын шоғырлары тіркелді, қорғасын бойынша 38,4-599,8 мг/кг шегінде өзгерді (сурет.4).

5. Радиациялық жағдай

Қазақстан Республикасы аумағында гамма-фон (экспозициялық мөлшердің қуаттылығы) күн сайын 17 облыстың 91 метеорологиялық станциясында және 10 автоматты бекетте жүргізілді, ал атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау ауа сынамасын бес тәуліктік циклды горизонтальді планшеттер көмегімен алу 43 метеорологиялық станцияда жүзеге асырылды (сурет 5).




Сурет 5. Қазақстан Республикасының аумағында радиациялық гамма-фон деңгейін және радиоактивті түсулердің тығыздығын байқауға арналған метеостанциялардың орналасу картасы



Сурет 6. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша 2026 жылғы қазан айында гамма-белсенділіктің (экспозициялық доза қуатының) өзгеруі

Жетісу облысында ең жоғары мән (0,30 мкЗв/сағ) байқалды. Ең төменгі мән (0,01 мкЗв/сағ) Ұлытау облысында белгіленді.

Қазақстан Республикасы бойынша орташа радиациялық гамма-фон 0,13 мкЗв/сағ құрады, бұл нормативтік мәннен 0,57 мкЗв/сағ аспайды (сурет 5).



Сурет. 7. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша 2026 жылғы наурыз айында тәулігіне радиоактивті түсулердің тығыздығы, Бк/м2

Ең төменгі орта деңгей (1,3 Бк/м2) Ақмола, Маңғыстау, Ұлытау облыстарында байқалды. Солтүстік-Қазақстан облысында жоғары көрсеткіш — 3,0 Бк/м2. Қазақстан Республикасы бойынша орташа радиоактивті түсулердің тығыздығы 1,9 Бк/м2 құрады, бұл нормативтік деңгейден 110 Бк/м2 төмен (сурет.7).

6. Жоғары және экстремалды жоғары ластану жағдайлары туралы мәліметтер*

2024 жылғы 12 сәуірдегі № 323-ө бірлескен бұйрығына сәйкес «Қазгидромет» РМК қажетті шараларды қабылдау үшін қоршаған орта объектілерінің жоғары (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары туралы мемлекеттік органдарды жедел хабардар етуді қамтамасыз етеді.

Хабарламалар ҚР ЭТРМ Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Экология департаментіне, ҚР ТЖМ Төтенше жағдайлар департаментіне, Облыстық денсаулық сақтау басқармасына, ҚР ДСМ СЭБК санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне және тиісті облыстардың әкімдіктеріне жіберіледі.

Атмосфералық ауаның ЖЛ және ЭЖЛ жағдайлары тіркелмеген.

Жер үсті суларында жоғары ластану және экстремальды жоғары ластану жағдайы тіркелмеді.

Жер үсті суларында 3 су объектісінде 3 ЖЛ жағдайы: Үлбі өзені (Шығыс Қазақстан облысы) – 1 ЖЛ жағдайы, Красноярка өзені (Шығыс Қазақстан облысы) – 1 ЖЛ жағдайы, Тихая өзені (Шығыс Қазақстан облысы) – 1 ЖЛ жағдайы тіркелді.

**ЖЛ және ЭЖЛ жағдайлары және қабылданған шаралар туралы толығырақ ақпарат «Қазгидромет» РМК ресми сайтында «Экология» бөлімінде көрсетілген.*

Қосымша 1

Қазақстан Республикасының аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау бекеттерінің тізбесі

№	Елді мекен	Бақылау бекеттерінің саны	
		Қол-күшімен сынама алу	Автоматты бақылау бекеті
1	Астана	4	6
2	Көкшетау		2
3	Атбасар		1
4	Степногорск		1
5	Щучинск		1
6	Бурабай а.		2
7	Ақсу а.		1
8	Бестөбе а.		1
9	Ақтөбе	3	3
10	Қандыағаш		1
11	Хромтау		1
12	Шұбаршы		1
13	Кенкияқ а.		1
14	Алматы	4	12
15	Талғар		1
16	Талдықорған		2
17	Жаркент		1
18	Атырау		7
19	Құлсары		2
20	Жанбай а.		1
21	Индерборский к.		1
22	Мақат а.		1
23	Ганюшкино к.		1
24	Өскемен	1	9
25	Алтай		1
26	Аягөз		1
27	Риддер		3
28	Семей		4
29	Шемонаиха		1
30	Әуезов к.		1
31	Глубокое к.	1	1
32	Тараз	4	1
33	Жанатас		1
34	Қаратау		1
35	Шу		1

№	Елді мекен	Бақылау бекеттерінің саны	
		Қол-күшімен сынама алу	Автоматты бақылау бекеті
36	Қордай к.		1
37	Орал		4
38	Ақсай		1
39	Бөрлі		1
40	Қарағанды	4	3
41	Абай		1
42	Балқаш	3	1
43	Жезқазған	2	1
44	Саран		1
45	Сәтпаев		1
46	Темиртау	3	1
47	Қостанай	2	2
48	Арқалық		1
49	Лисаковск		1
50	Жітікара		1
51	Рудный		2
52	Қарабалық к.		1
53	Қызылорда	1	2
54	Арал		1
55	Әйтеке би к.		1
56	Төретам		1
57	Ақай к.		1
58	Шиелі к.		1
59	Ақтау	2	2
60	Жанаөзен		2
61	Бейнеу а.		1
62	Павлодар	2	5
63	Ақсу		1
64	Екібастұз	1	1
65	Петропавлов	2	2
66	Шымкент	4	2
67	Кентау		1
68	Түркістан		3
69	Састөбе к.		1
70	Достық а.		1

Қосымша 2

Елді-мекен ауасындағы ластаушы заттардың шекті жол берілген шоғырлары (ШЖШ)

Қоспаның атауы	ШЖШ мәні, мг/м3		Қауіптілік класы
	максимальді бір ретті	орта-тәуліктік	
Азот диоксиді	0,2	0,04	2
Азотоксиді	0,4	0,06	3
Аммиак	0,2	0,04	4
Бенз/а/пирен	-	0,1 мкг/100 $м^3$	1
Бензол	0,3	0,1	2
Бериллий	0,09	0,00001	1
Қалқыма заттар (бөлшектер)	0,5	0,15	3
РМ 10 қалқыма бөлшектері	0,3	0,06	
РМ 2,5 қалқыма бөлшектері	0,16	0,035	
Хлорлы сутек	0,2	0,1	2
Кадмий	-	0,0003	1
Кобальт	-	0,001	2
Марганец	0,01	0,001	2
Мыс	-	0,002	2
Күшала	-	0,0003	2
Озон	0,16	0,03	1
Қорғасын	0,001	0,0003	1
Күкірт диоксиді	0,5	0,05	3
Күкірт қышқылы	0,3	0,1	2
Күкіртті сутек	0,008	-	2
Көміртегі оксиді	5,0	3	4
Фенол	0,01	0,003	2
Формальдегид	0,05	0,01	2
Фторлы сутек	0,02	0,005	2
Хлор	0,1	0,03	2
Хром (VI)	-	0,0015	1
Мырыш	-	0,05	3

«Қалалық және ауылдық елді-мекендердегі атмосфералық ауаға қойылатын гигиеналық нормативтер» (2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-70 СанЕН

Қосымша 3

Атмосфераның ластану индексінің дәрежесін бағалау

Дәрежесі		Атмосфера ластануының көрсеткіштері	Бір жылғы бағалау
Градациялар	Атмосфераның ластануы		
I	Төмен	СИ ЕЖҚ, %	0-1 0
II	Көтеріңкі	СИ ЕЖҚ, %	2-4 1-19
III	Жоғары	СИ ЕЖҚ, %	5-10 20-49
IV	Өте жоғары	СИ ЕЖҚ, %	›10 ›50

"Қазақстан Республикасы атмосфералық ауасының ластануы мониторингісін ұйымдастыру және жүргізу" нұсқаулық-әдістемелік құжаты (15.07.2025 ж. №624-Ө бұйрығына 1-қосымша

Қосымша 4

2026 жылғы қазандағы су объектілерінің тізімі

Өзен		Көл	Су қоймалары	Арна	Теңіз
1. өз. Қара Ертіс	51.өз. Желқуар	1. Щучье көлі	1. Сергеевское	1. Нұра-Есіл	1. Каспий
өз. Ертіс (ШҚО)	52.өз. Іле	2. Бурабай көлі	2.Қапшағай	2. Көшім	
өз. Ертіс (Павлодар обл.)	53. өз. Кіші Алматы	3. Қопа көлі	3.Астаналық	3. Қ.Сәтбаев атын. арна	
2. өз. Бұқтырма	54. өз. Үлкен Алматы	4.Үлкен Шабақты көлі	4.Кеңгір		
3. өз. Брекса	55. өз. Есентай	5.Кіші Шабақты көлі	5.Самарқан		
4. өз. Тихая	56. өз. Шарын	6. Зеренді көлі	6.Тасөткел		
5. өз. Үлбі	57. өз. Шілік	7. Майбалық көлі	7. Қаратомар		
6. өз. Глубочанка	58. өз. Түрген	8.Қатаркөл көлі	8. Аманкелді		
7. өз. Красноярка	59. өз. Текес	9.Текекөл көлі	9. Жоғарғы Тобыл		
8. өз. Оба	60. өз. Қорғас	10. Жүкей көлі	10. Шардара		
9. өз. Емел	61. өз. Қаратал	11.Сұлтанкелді көлі	11.Шортанды		
10. өз. Аягөз	62. өз. Ақсу (Алматы обл.)	12.Үлкен Алматы көлі			
11. өз. Үржар	63. өз. Лепсі	13. Балқаш көлі			
12. өз. Усолка	64. өз. Баянқол	14. Шолақ көлі			
13. өз. Ор	65. өз. Қарқара	15. Есей көлі			
14. өз. Қарғалы	66. өз. Талғар	16.Қоқай көлі			
15. өз. Қосестек	67. өз. Темірлік	17. Теніз көлі			
16. өз. Ырғыз	68. өз. Есік	18. Шалқар көлі			
17. өз. Қара Қобда	69. өз. Қаскелен	19.Шалқар көлі			
18. өз.Үлкен Қобда	70. өз. Талас	20.Билікөл көлі			
19. өз.Ойыл	71. өз. Асса	21.Сұлукөл көлі			
20. өз. Темір	72. өз. Шу	22. Карасье көлі			
21. өз.Ақтасты	73. өз. Ақсу (Жамбыл обл.)	23.Арал теңізі			
22. өз. Ембі	74. өз. Қарабалта	24. Алакөл көлі			
23. өз. Елек	75. өз. Сырдария	25. Сабындыкөл көлі			
24. өз. Жайық	76. өз. Бадам	26. Жасыбай көлі			
25. өз. Шаған	77. өз. Келес	27. Талдыкөл көлі			
26. өз. Деркөл	78. өз. Арыс	28. Торайғыр көлі			
27. өз. Қараөзен	79. өз. Қаттабүгүн				
28. өз. Сарыөзен	80. өз. Ақсу (Түркістан обл.)				

29. өз. Шыңғырлау	81. өз. Тоқташ				
30. Перетаска тармағы	82.өз. Қиғаш				
31. Яик тармағы	83.Шаронов тармағы				
32. өз. Нұра					
33. өз. Қара Кеңгір					
34. өз. Шерубайнұра					
35. өз. Соқыр					
36. өз. Есіл					
37. өз. Жабай					
38. өз. Беттібұлақ					
39. өз. Қылшықты					
40. өз. Шағалалы					
41. өз. Сілеті					
42. өз. Ақсу (Ақмола обл.)					
43. өз. Ақбұлақ					
44. өз. Сарыбұлақ					
45. өз. Торғай					
46. өз. Тобыл					
47. өз. Әйет					
48. өз. Тоғызақ					
49. өз. Үй					
50. өз. Обаған					
Барлығы 126 су объектісі: 83 өзен, 28 көл, 11 су қоймасы, 3 арна және 1 теңіз.					

Қосымша 5

Топырақты ластаушы зиянды заттар шоғырларының шекті жол берілген мөлшері

Заттардың атауы	**Шекті рұқсат етілген шоғыр (бұдан әрі - ШРШ) топырақта мг/кг**
Қорғасын (жалпы нысан)	32,0
Хром (жылжымалы нысан)	6,0
Күшала (жалпы нысан)	2,0
Сынап (жалпы нысан)	2,1

***** *«Тіршілік ету ортасының қауіпсіздігіне арналған гигиеналық нормативтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 21 сәуірдегі № ҚР ДСМ -32 бұйрығы*

Қосымша 6

Радиациялық қауіпсіздік нормативі

Нормаланатын шамалар	Дозалар шектері
Тиімді доза	Халық
	Кез келген соңғы 5 жыл ішінде орташа жылына 1 мЗв, бірақ жылына 5 мЗв артық емес

**«Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын гигиеналық нормативтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ- 71 бұйрығы.*



«ҚАЗГИДРОМЕТ» РМК
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ ДЕПАРТАМЕНТІ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

АСТАНА ҚАЛАСЫ
МӘҢГІЛІК ЕЛ ДАҢҒЫЛЫ, 11/1
ТЕЛ. 8-(7172)-79-83-33

E MAIL: ASTANADEM@METEO.KZ